

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан – Латвия: Ынтымақтастықтағы жаңа қадам

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елімізге ресми сапармен келген Латвия Республикасының Президенті Андрис Берзиньшпен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан-Латвия қарым-қатынастарын сапалы жаңа деңгейге көтеруге бағытталған өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары қарастырылды. Тараптар сауда-экономикалық және көлік-транзиттік ынтымақтастық аясын кеңейту жолдарын да талқылады.

Қазақстанға ресми сапармен келген Латвия Президенті Андрис Берзиньш өткен жексенбіде бұрынғы Спасск лагері орнында болып, осында елдеріне орала алмаған кешегі отандастарына арнап орнатылған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысқан еді. Бұл жерде көптеген латыштардың қаза тапқанын, олардың әрқайсысы әрқашан есте сақталатынын айтып, латыш халқы атынан ескерткіш жанына гүл шоқтарын қойды. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың ұрпақтары Даугава өзенінің жағалауынан орамалға түйіп әкелінген топырақты әке-ағалары қабіріне септі. Олар барша халыққа ортақ қасірет құрбандарын есте тұтып, құрмет көрсетуге арналған шараларға қолдау көрсетуші қазақстандықтарға ризашылықтарын білдірді.

Аты аталса жан түршіктірер ГУЛАГ-тың кешегі кенестік кеңістіктегі қаптаған бөлімшелерінің бірі болған ҚАРЛАГ та зұлымдық ордаларының қай-қайсысынан артық соқпаса кем болмағаны белгілі. Сталиндік саяси зорлық-зомбылық шарықтаған шақта сан мың адамның шетсіз-шексіз далалық түрмесіне айналған онда көптеген қуғындалған халықтармен бірге латыштар да азап шекті. Балтық жағалауындағы шағын елдің 1 мыңға тарта азаматы оны алғашқы толтырушылар болды. Бұлардың тобында соғыс алдындағы тәуелсіз мемлекеттің туын жоғары ұстаушы, Латвия теңіз флотының қолбасшысы, адмирал Теодар Спаде сынды айтулы тұлғалар аз болмады.

Осынау содыр саясат зардабына жазықсыз ұшыраған жандар ұрпақтары жанын сыздатқан жара жазылған жоқ. Ол сол қорқынышты уақытта жұрт үрейін ұшырған Спасск лагері құрбандары жерленген жерде одан сайын жүрек өртейді. Қарағандыға жолы түскен әр елдер басшылары алдымен ауыр тағдырға тап болған жерлестері топырағына тағзым етеді.

Келіссөздер кезінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Латвияны Балтық жағалауындағы маңызды серіктес санайтынын атап өтті. Сіздің сапарыңыздың екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастарды жандандыру үшін өте үлкен мәні бар. Сіздер Еуроодаққа кіру қарсаңында тұрсыздар, онда жүріп жатқан үдерістерге қатысты көзқарас тұрғысынан алғанда, бұл біз үшін де қызығушылық туғызады. Біздің келіссөздеріміз жемісті болады, ал бизнес-форум іскерлік топтардың байланыс орнатуына оң ықпал етеді деп ойлаймын, деді Мемлекет басшысы. Ал Андрис Берзиньш Латвияның бизнес

қоғамдастығы өкілдерінің қазақстандық серіктестерімен бірлескен жобаларға қызығушылығы жоғары екенін атап өтті.

Бірлескен баспасөз мәслихатында кездесуді қорытындылай келіп, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Латвия қарым-қатынасы жүйелі дамуымен ерекшеленетініне тоқталды. Бүгінде біздің елдеріміз арасындағы екіжақты саяси үнқатысу белсенді және сенімді сипатта. Парламенттер мен үкіметтер, министрліктер мен ведомстволар, іскерлік және ғылыми топтар деңгейінде тығыз байланыс қалыптасқан. Біздің елдеріміз арасындағы қарым-қатынастар аясы уақыт өткен сайын кеңейе түсуде, деді Елбасы.

Қазақстан Президенті елдерімізді саяси және экономикалық байланыстар ғана емес, сондай-ақ тарихымыздың ортақтығы байланыстыратынын атап өтті. Қазақ және латыш халықтары әрдайым бір-бірін құрметтеп, қолдау көрсетіп келеді. Латвия Президентінің сапары кезіндегі негізгі бір шара – Қарағанды облысының Спасск елді мекенінде саяси қуғын-сүргін құрбаны болған латыштарға арналған ескерткіш ашу. Бұл – тағдырдың жазуымен қазақ даласына келген отандастар рухына деген шынайы құрметтің белгісі. 1938-1994 жылдары Қазақстанға 17 мыңға жуық латыш жер аударылған. Латвияға 2006 жылғы сапарым барысында мен Қазақстанды мекен еткен, қуғын-сүргінге ұшыраған латыштардың 268-інің құжатын тапсырдым.

Сапарымыз барысында біз Вике-Фрейберга ханыммен кездесіп, осы мәселені талқыладық, деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан басшысы бүгінде елдеріміз арасында барлық деңгейде тұрақты және жемісті үнқатысу орныққанын атап өтті.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссия жұмыс істеуде. Өткен жылы ғана екіжақты сауда көлемі 50 пайызға артты. Жаһандық қаржы дағдарысы салдарына қарамастан, сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқын алып келеді. Бүгінде екі елдің өзара сауда айналымы 350 миллион долларға жетті. Біз бұл көрсеткішті таяуда жарты миллиард долларға дейін жеткізу мүмкіндігін талқыладық. Астана мен Алматыда өтетін қазақ-латыш бизнес форумы екі елдің іскерлік қоғамдастығы арасындағы байланыстарды нығайтуға септігін тигізетін болады деп сенемін, деді Қазақстан Президенті.

Елбасы бүгінде Қазақстанда латыш компанияларының қатысуымен құрылған 138 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтінінен де хабардар етті. Көлік-логистика саласындағы мәні зор жобалар жүзеге асырылуда. Қытайдан Қазақстан арқылы Балтық жағалауына контейнерлік тасымалдар өткізу жөнінде шаралар қабылдануда. Бұл өте перспективалы бірлескен кәсіпорындар болуы мүмкін. Өздеріңізге де белгілі, Тынық мұхиттан Еуропаға теңіз арқылы жүк тасымалдау 45 күндей уақытты алады, ал Қазақстан арқылы темір жол бойымен жүк тасымалына 2 апта уақыт кетеді. Сондай-ақ, біз Латвия

Президентімен осы елдің компанияларының Қазақстанның индустриялық-инновациялық бағдарламасына атсалысуы жөнінде сөйлестік. Бизнес делегация байланыс орнатып, бірлесе жұмыс жүргізу үшін өз орындарын табады деп ойлаймын, деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ екі елдің де қызығушылығын туғызып отырған дамудың бірқатар бағыттарын атап өтті. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімнің қабылдануы да маңызды қадам болады. Біз Латвияның ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындыққа және өткізуге атсалысқанын қалаған болар едік. Бүгін, сондай-ақ, туризм саласындағы келісімге қол қойылатын болады. Ол өзара жемісті ынтымақтастықтың негізін қалайды. Латвияның жоғары оқу орындарында туризм индустриясы саласында қазақстандық кадрларды даярлауға жете көңіл бөлінетін болады. Ригадағы аэронавигация институтында жыл сайын қазақстандық жастар білім алады. Сонымен бірге, бүгін білім және ғылым саласындағы келісімге қол қойылады. Транзит-көлік саласындағы және ауыл шаруашылығындағы өзара ықпалдастықтың әлеуеті зор, деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы тараптар арасында халықаралық саясаттың түрлі аспектілері жөнінде мазмұнды пікір алмасылғанын мәлім етті. Атап айтқанда, біз Таяу және Орта Шығыстағы, Ауғанстандағы ахуалды талқыладық. Сондай-ақ, Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік аясындағы интеграциялық үдерістерді дамытуына ерекше назар аудардық. Біз Латвияның Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы серіктестігі мен ынтымақтастығы аясын кеңейту туралы жаңа келісім туралы келіссөздерді қолдағаны үшін ризашылық білдіреміз. Ол Қазақстан-Еуропа өзара ықпалдастығын жаңа биіктерге көтеруге бағытталған. Бүгінгі келіссөздердің нәтижесі екі тараптың одан әрі ынтымақтастыққа ұмтылысын көрсететінін атап өткім келеді, деді Қазақстан Президенті.

Ал Латвия Президенті Қазақстанға келуге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс білдіре келіп, өзінің бұл сапары екі елдің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге арналғанын атап өтті. Латвия Қазақстанды Орталық Азиядағы ең маңызды серіктесі санайды. Соңғы жиырма жылда сіздердің елдеріңіз экономикалық дамуы жағынан да, басқа бағыттар бойынша да өте көп жетістікке жетті, сондай-ақ халықаралық ықпалы мен беделін арттырды. ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесін Астанада өткізу мүмкіндігі бұл жайттың жарқын дәлелі болып табылады, деді А.Берзиньш.

Латвия Президенті Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргін құрбаны болған латыштарға арналған ескерткіштің ашылуы өз маңыздылығы жағынан екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі нығайтудың факторы қызметін атқаратынына тоқталды. Сіздің Латвияға 2006 жылы жасаған сапарыңыз біздің есімізде, Сізді кез келген қолайлы уақытта біздің елімізге сапармен

келуге шақырамыз. 2014 жылы Рига еуропалық мәдени қалаға айналатынын ескерсек, өзара тәжірибе алмасу біздің елдеріміз үшін пайдалы болады. Сонымен қатар, білім мен ғылым саласындағы қол қойылған бүгінгі келісім біздің елдеріміз үшін өте маңызды. Біз Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы үнқатысу аясында саяси ықпалдастықты одан әрі тереңдету ниетіндеміз. Біз Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге ұмтылысын қолдаймыз және биыл елдеріңіз аталған ұйымның мүшесіне айналады деп үміттенеміз. Сонымен қатар, өңірлік қауіпсіздік мәселелері, атап айтқанда, Ауғанстандағы ахуалдың талқылануы маңызды болды, деді А.Берзиньш.

Айқын НЕСІПБАЙ,

Әлисұлтан ҚҰЛАНБАЙ,

«Егемен Қазақстан».